А.Жамбыл: Көк шөптерді шабу үшін триммерлер қажет. Былтырғы, алдыңғы жылы алынған триммерлер сынып қалды. Бәрі жарамсыз. Олардың сымы бір үзілсе, қайта қалпына келтіру қиын. Шөптерді, қамыстарды шабуға триммер алу үшін мемлекеттік порталға шығамыз. Оны қарастырып, жоспарлап жатырмыз.

Х.Мулдашев: Жәнібек хан көшесінде тұратын Крикловенский Владимир деген бар, сол триммерлерді жөндейді. Соған беру керек триммерлерді жөндеуге.

А.Жамбыл: Жақсы сіздердің келісімдеріңізбен біздегі істен шыққан триммерлерді жөндеу жұмыстарын Крикловенский Владимирге береміз.

Қ.Баймагамбетов: Жаңағы айтылған айналма жолды көлік қозғалысы жауып тастамас үшін Шымкент қаласындағыдай ауада тұрған құманды орнату керек. Жан- жақтан көліктерге алаң көрініп тұрады.

М.Залиев: Ия, жолды жауып тастамау керек.

Ұ.Шукурова: Мен келісемін екі ұсыныспен де.

Н.Чапурина: Мен де келісемін.

М.Залиев: «Азалы Ана» монументінің алдындағы үшбұрыш тәрізді айналма жолдың ортасына жолды көлік қозғалысы жауып тастамас үшін Шымкент қаласындағыдай ауада тұрған құманды орнату дауысқа салынады.

Қолдағандар- 11 адам;

Қарсы- 0 адам;

Қалыс- 0 адам.

Жергілікті қоғамдастық жиналысы күн тәртібіндегі мәселені қарап келесідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- «Азалы Ана» монументінің алдындағы үшбұрыш тәрізді айналма жолдың ортасына жолды көлік қозғалысы жауып тастамас үшін Шымкент қаласындағыдай ауада тұрған құман орнатылсын.
- ауылдық округ әкімі аппаратының теңгеріміндегі істен шыққан триммерлерді жөндеу «Крикловенский В.» жеке кәсіпкерлігіне тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы **М.Залиев**

Жиналыс хатшысы **М.Нурашева**